

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TKUL2688>

***А. Т. Ташекова¹, Н. К. Жүсіпов², Ә. К. Шапауов³**

^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Қазақ ұлттық өнер университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5491-2791>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2111-6833>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3709-4309>

*e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ҮЙЛЕНУ ЖОРАЛҒЫЛАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (БЕКМҰРАТ УАХАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІННІҢ НЕГІЗІНДЕ)

Аталмыш мақалада қазақ және татар фольклорындағы үйлену рәсімдеріне арналған поэзияның көркемдік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Бекмұрат Уахатовтың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ және татар халықтарының үйлену жырларының эстетикалық, символикалық және поэтикалық аспектілері талданады. Зерттеу барысында екі халықтың поэзиясындағы ортақ элементтер мен өзіндік ерекшеліктер айқындалады. Қазақ поэзиясында табиғи бейнелер мен әлеуметтік байланыстардың маңыздылығы, сондай-ақ әзіл-оспақ элементтерінің қолданылуы басты назарда болса, татар поэзиясында діни бейнелер, исламдық құндылықтар және рухани ритуалдардың мәні басымдыққа ие. Бекмұрат Уахатов атап өткендей, бұл жырлар тек салт-дәстүрлерді сүйемелдеп қана қоймай, халықтың мәдени және рухани құндылықтарын сақтаушы қызметін атқарады. Сондай-ақ Қазақ елінде тұратын татар халықтарының үйлену тойында айтылатын өлеңдерге де сипаттама беріледі. Мақалада олардың көркемдік ерекшеліктерімен қатар, мағынасы да ашып көрсетілді. Мақалада қазақ және татар поэзиясының мысалдары келтіріліп, олардың көркемдік ерекшеліктері салыстырмалы талдау арқылы зерттелген. Сонымен қатар қазақ және түркі туыстас халықтарының арасындағы ұқсас өлеңдерге де шолу жасалынды.

Кілтті сөздер: қазақ фольклоры, татар фольклоры, үйлену рәсімдері, көркемдік ерекшеліктер, салт-дәстүрлер, Бекмұрат Уахатов, жар-жар, яр-яр.

Кіріспе

Үйлену рәсімдерін сүйемелдейтін фольклорлық поэзия халықтың мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазақ және татар мәдениеттерінде үйленуге арналған поэзиялық шығармалар тек рәсімдерді жеткізу құралы емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымын және әлеуметтік ұстанымдарын бейнелейтін маңызды көркемдік элемент болып табылады.

Үйлену фольклоры жөнінде М. Әуезов: «Бұл – қуаныш, қызық үстіндегі өлең. Оның үстіне әрқайсысында да арнаулы мағына бар; тудырған белгілі себептер бар. Үй ішіндегі тұрмысты ескі қазақ қалай ұғып, қалай түсінген, үй ішінің отбасының ұйтқысы кім деп білген, сол сияқты пікірді анықтаумен бірге, көп ел ішіне жайылған ескілікті нанымдарды білдіреді. Бұл қыздың тойын қызық қылу үшін, жиылған жұртты күлдіру үшін ғана айтылатын өлеңдер емес, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына бар, көздейтін арнайы сұлу мақсат бар» [1, 46-б.], – деп жазады.

Қазақ және татар фольклорының көркемдік ерекшеліктерін зерттеген Бекмұрат Уахатов қазақ және татар халықтарының үйлену жырлары мен поэзиясына қатысты зерттеулерінің нәтижелерін ұсынды. Мақалада осы зерттеулердің негізгі аспектілері қарастырылады, сонымен қатар қазақ және татар фольклорындағы үйлену рәсімдеріне қатысты поэзиялық шығармалардың көркемдік ерекшеліктері талданады.

Материалдар мен әдістері

Туысқан түркі әдебиетінің бір саласы татар фольклоры қазақ ауыз әдебиетінің дамуында ерекше орын алатыны мәлім. Қазақ татар фольклористикасының мазмұндық тоғысында халық өлеңдерінің дамуы мен қалыптасуы, көркемдік ерекшеліктері, жанрлық тақырыптық идеясы жағынан өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері зерттеу материалының өзегі болып санады. Осы орайда Бекмұрат Уахатовтың еңбектері, сондай-ақ қазақ және татар халықтарының үйлену жырлары қамтылған фольклорлық жинақтар зерттеудің нысанасы болып есептелінеді [2; 3]. Зерттеу мәселесі бойынша салыстырмалы-тарихи (екі халықтың үйлену жырларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау); әдеби талдау (өлеңдердегі көркемдік ерекшеліктерді зерттеу); символикалық талдау (өлеңдердегі образдар мен белгілердің мағынасын анықтау); мәдени-тарихи талдау (шығармалардың жасалған контекстін түсіну) әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақтың үйлену жоралғылары – бұл бірнеше негізгі рәсімдерден тұратын күрделі жүйе. Олардың ішінде: құдалық, қалыңмал, құйрық бауыр және той. Әрбір кезең өзіне тән жырлармен және әндермен бірге өткізіледі, бұл жырлар қуаныш пен неке одағының маңыздылығын көрсетеді.

Қазақтың үйлену жырларының қайсысын алып қарасақта әр поэзиясы көркемдік ерекшеліктерге бай. Қазақтың үйлену жырлары халықтың салт-дәстүрлері мен символикасымен тығыз байланысты. Бұл өлеңдерде туыстарына, жақындарына арналған эмоционалды мазмұнды сөздермен қатар, сатира мен юмор элементтері де бар.

Қазақтың фольклорлық поэзиясында табиғатпен, әлеуметтік қағидалармен және рулық дәстүрлермен терең байланыс байқалады. Бекмұрат Уахатов қазақ поэзиясында метафоралар мен символдардың маңызды екенін және олардың мәдени құндылықтарды жеткізуге арналғанын атап өтеді [2, 37-б.]. Мысалы, түйе бейнесі некенің беріктігі мен отбасы қатынастарының тұрақтылығын білдіреді.

Қазақтың үйлену жырларының айқын мысалы ретінде «Құдалық» рәсiмiнде орындалатын өлеңдi келтiрсек болады:

«Келдi құдаларым, биiк тауым,
Қосылғанда құда, бақыт-бағым.
Ұлы тойымда бастау алар,
Берiк болсын құда-жолдас, жарық таңым» [3, 63-б.]

Өлеңдегi табиғат бейнелерi «тау», «таң» мен әлеуметтiк қарым-қатынастар «құдалар» арасындағы байланыс көрiнедi.

Бұл өлеңде екi отбасының бiр-бiрiмен бiрiгуi мен олардың жаңа өмiрге үмiттенуi суреттеледi. Қазақ жырлары көбiнесе табиғат бейнелерi мен символикаға негiзделген, бұл арқылы отбасы дәстүрлерiне құрмет көрсетiледi. Бұл қазақ мәдениетiнде табиғат пен қоғамның үйлесiмдiлiгi және үйлену тойының отбасыларды бiрiктiретiн әлеуметтiк оқиға ретiнде маңыздылығын көрсетедi.

Бекмұрат Уахатовтың пiкiрiнше, қазақтың үйлену жырларында салтанаттылық пен юмор элементтерi қатар қолданылып, бұл рәсiмдердiң қоғамдық маңыздылығын бейнелейдi. Қазақ поэзиясындағы метафоралар мен символдар арқылы терең мәдени мағыналар жеткiзiледi.

Сонымен қатар, қазақтың үйлену рәсiмдерiндегi жырларда юмор мен ирония элементтерi жиi қолданылады, әсiресе қалыңдық пен күйеу жақ арасындағы келiссөздер кезiнде. Бұл салтта дипломатия мен икемдiлiктiң маңызын көрсетедi.

Қазақ-татар халықтары – түркi тектес халықтардың қыпшақ тобына жататын бұтағы. Бiр-бiрiмен туыс, бiр атадан тараған ұрпақтар.

Татардың үйлену рәсімдері де поэзияға бай. Татар ұлтының үйлену жырларында да символика жиі кездеседі, алайда мұнда исламдық діни дәстүрдің әсері айқын көрінеді. Ғалым Бекмұрат Уахатов татар өлеңдерінде діни бейнелер мен мотивтердің жиі қолданылатынын және олардың некенің рухани жақтарын ерекше атап өтетінін көрсетеді. Алланың батасы және діни нормаларды сақтау татар поэзиясында басты тақырыптар болып табылады. әсіресе, неке қию рәсiмiнде (никах) айқын көрінеді, онда жырлар мен дұғалар орындалады. Татар жырлары жиі Аллаға бағытталған және жас жұбайларға бата беріледі. Мысалы: татар поэзиясындағы діни әсерді көрсететін «никах» («неке қию») рәсiмiнде айтылатын өлең келтіріледі:

«Аллаһу әкбәр, төндә нурлар,
Килен-кияүгә бәхет юллар.
Илаһи ризалык белән без,
Туйда бәрәкәт, озын гомер сүз» [5, 117-б.].

Бұл өлең некенің рухани қырын айқындайды және жаңа жұбайларға ұзақ әрі бақытты өмір тілеумен бірге Алланың батасын алуға бағытталған. Бекмұрат Уахатов татар поэзиясында жарық пен жол бейнелерінің жиі қолданылатынын, олардың жаңа өмірді және құдайдың басшылығымен жүруді бейнелейтінін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, татардың үйлену жырларында күйеу мен қалыңдықтың ата-анасына арнап айтылатын алғыс сөздер жиі кездеседі, бұл татар мәдениетінде отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді. Татар жырларында ата-аналар мен туыстарға арналатын сөздер жиі кездеседі, бұл отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді. Татар жырларының ресмилігі мен салтанаттылығы исламдық дәстүрдің әсерімен байланысты.

Қазақ халқының үйлену тойға арналған салт-дәстүрі өте бай, әрі мағынасы терең. Солар бірі – жар-жар.

Жар-жар – қызды әкесінің үйінен ұзатып, жөнелтер шағы келгенде айтылатын өлең түрі. Бұл өлең екі жақтың айтысынан тұрады, бір жағы – күйеу, екінші жағы – қалыңдық болып айтысады. Жар-жар көңіл көтеріп, қызықты уақыт өткізу үшін ғана айтылмайды, бұл өлең моральдық-этникалық тәртіптерді түсіндіріп, орнықтыруға өз септігін тигізетін өлең жолдары болып табылады. Сондықтан үйлену тойында айтылатын той бастар, жар-жар, беташар болсын, барлық әндердің әрқайсысында арнаулы терең мағына бар. Академик, зерттеуші ғалым М. Әуезов өз зерттеулерінде үйлену салт өлеңдеріндегі терең мағынасын тануды, қоғамдық маңызы бар мәселелердің жауабын тұрмыс-салт жырларынан табуды көздейді.

Осылайша, тойда айтылатын жар-жар да белгілі бір мақсатты көздейтіні анық. Жар-жар ата-ана, туған-туыс, құрбы-құрдас, ел-жұртынан алыстап, жат

жұртқа келген қалыңдықтың көңілін аулап, жұбату үшін айтылады. Аужарды алдымен жігіттер бастады:

Алып келген базардан қара насар, жар-жар,
Қара құйрық сәукеле шашың басар, жар-жар.
Әкем-ай деп жылама, қыздар байғұс, жар-жар,
Әкең үшін қайын атаң орын басар, жар-жар

дегенде қыздар тобы бұған қарсы дау айтып:

Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын ағамыз, жар-жар,
Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар...[2, 145–146-бб.].

Өлең құрылымы диалогтық түрде берілген. Жігіттер жағы мен қыздар жағы кезекпе-кезек өлең жолдарын айтып, бір-біріне жауап қайтарады. Әр шумақтың соңында қайталанатын «жар-жар» сөзі өлеңге ырғақтық бірлік беріп, жоралғының мән-маңызын күшейтеді. Бұл қайталаулар әннің салтанатты және ритуалдық сипатын айқындайды. Өлеңдегі әр шумақтың екінші қатарында «жар-жар» сөзі әннің атын ғана емес, оның мағыналық толықтығын қамтамасыз етеді.

Өлеңде «қара насар», «сәукеле», «ақша қар», «оң жақ» сияқты сөздер терең символикалық мәнге ие. Мысалы:

• **«Қара насар»** – бұл жерде қалыңдыққа алып келінген арнайы киім-кешек, сән-салтанатты білдіреді.

• **«Қара құйрық сәукеле»** – сәукеле жаңа өмірдің, жаңа отбасындағы мәртебенің белгісі. Бұл қалыңдықтың жаңа жағдайға бейімделуі мен жауапкершілікке қадам басуын білдіреді.

• **«Ақша қар»** – тазалықты, өмірдің жаңа кезеңін, жаңа бастамаларды символдайды. Қыздар тобының қарға қатысты айтқаны, өздерінің алаңдаушылығын білдіреді.

• **«Құлын тайдай айқасқан оң жақ»** – бұл қалыңдықтың туған үйі, ата-анасының қасында болған еркін, жайлы өмірі дегенді білдіреді.

Өлеңнің басты тақырыбы – қалыңдықтың әкесінің үйінен кетуі және жаңа отбасыға қосылуы. Жігіттер жағы қалыңдықты жұбатып, жаңа үйге бейімделуге шақырады, жаңа ортада оның әкесінің орнын қайын атасы басатынын түсіндіреді. Ал қыздар жағы, керісінше, өздерінің туған үйіне, ата-анасына деген сағынышын және алаңдаушылығын жеткізеді. Бұл өлең қалыңдық үшін өте жауапты және эмоцияға толы кезеңді сипаттайды.

Өлең қалыңдық пен жаңа отбасының арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталған. «Жар-жар» арқылы екі жақ арасындағы үйлесім мен

келісім орнатылып, қалыңдықтың жаңа отбасындағы орны бекітіледі. Мұнда қалыңдыққа жаңа отбасында өз рөлін дұрыс қабылдау керектігі ескертіледі.

Өлеңде қолданылған көркемдік тәсілдер оның әсерін күшейтіп, тыңдаушыға қалыңдықтың ішкі сезімдерін жеткізуге көмектеседі. Қайталаулар, символикалық бейнелер, салыстырулар арқылы өлең эмоционалдық тұрғыдан әсерлі және мағыналы етіп берілген. Мысалы, «жазғытұрғы ақша қар» тіркесі табиғаттың өзгеруін суреттеп, қалыңдықтың өміріндегі өзгерістерді көрсетеді.

«Жар-жар» өлеңі қазақ халқының салт-дәстүріндегі маңызды элемент ретінде ритуалдық сипатқа ие. Өлеңнің құрылымы, символикасы мен әлеуметтік мәні арқылы қалыңдықтың жаңа өмірге қадам басу сәтіндегі көңіл күйін, сағыныш пен үмітті жеткізе біледі. Бұл жыр тек қана дәстүрді сақтау емес, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани мұра екендігін көрсетеді.

Жар-жар – сонау ерте дәуірден келе жатқан өлең түрінің бірі. Мұны оның сыртқы өлең өлшемінен де, сөз, образ қолданысынан да көруге болады. Жар-жардың өлеңі де, сарыны да көпшіліктің үйреніп алып айтып жүруіне жеңіл, жаттамалы. Сондықтан да оны қыз ұзату кезінде де, жастардың бас қосқан ойын-сауығында да айтатын болған. Жар-жардың әнмен, домбырамен орындалуының үстіне, қыз-келіншектер бір топ, жігіт- желең бір топ болып айтысуының өзі, бұған сахналық сипат береді [4, 8-б.].

Қысқасы, үйлену салтында айтылатын жар-жар – қазақ ескілігінен қалған, бірақ, ел ішіне өте кең тараған өлең түрінің бірі. Ол өзінің ішкі ой-мазмұнымен де, сыртқы түр-түзілісімен де қызықты. Сондықтан да болар қазіргі жас жұбайлардың үйлену тойларында жар-жар өлеңі жаңаша жырланып, жаңаша айтылып жүр. Мұны бір ғана Қазақстан емес, туысқан, бауырлас республикалар өмірінің қай-қайсысынан да кезіктіруге болады.

Ал татарлардың қыз ұзатып, құда түсу ойын- тойларында орындалатын салт өлеңдері, негізінен, сол ұзатылғалы отырған қыздың төңірегінде, соның үй-іші, туған-туыстарымен қоштасу түрінде айтылады. Қалған өлеңдердің көпшілігі орыстың частушкасы сияқты көңілді ойын-той үстінде биге қосып орындалатын өлең үлгілері.

Татар халқының дәстүрлі «Яр-яр» өлеңі қазақ халқының «Жар-жар» жырына ұқсас құрылымда, бірақ татар мәдениетіне тән ерекшеліктерді сақтай отырып, қалыңдықтың жаңа отбасына бейімделуін суреттейді. Берілген өлеңнің көркемдік талдауын төмендегідей қарастырайық.

Ай, әле дуслар жырлмай «Яр-яр»,
Килен төшә туй белән, «Яр-яр».
Синен әтиен урынында,
Әткәй булыр кайнатан, «Яр-яр».

Язгы яңгыр болытлары, «Яр-яр»,
Күктә кояш балкыган, «Яр-яр».
Никадәр яхшы булса да,
Әткәй кебек булалмас, «Яр-яр» [6, 119-б.].

Өлеңде қолданылған символдар мен метафоралар жырдың эмоциялық мағынасын тереңдетіп, тыңдаушыға ерекше әсер қалдырады. Мысалы:

• **«Язгы яңгыр болытлары»** және **«Күктә кояш балкыган»** – бұл тіркестер өмірдегі өзгерістерді, жаңа кезеңнің басталуын және үміт пен болашаққа деген сенімді бейнелейді. Жаңбыр бұлттары өткінші қиындықтарды көрсетсе, күннің жарқырауы – алдағы жарқын күндердің белгісі.

Өлеңнің негізгі тақырыбы – қалыңдықтың ата-анасының үйінен кетіп, жаңа отбасына бейімделуі және осы сәттегі толғаныстары. Жігіттер жағы қалыңдыққа қайын атасын өз әкесіндей құрметтеп, жаңа өміріне сенімді болуға шақырады. Олар қалыңдыққа сенім ұялатуға тырысып, оның отбасында да қолдау табатынын меңзейді.

Ал қыздар жағы өздерінің алаңдаушылығын, қимастық сезімдерін білдіреді. Олар әкесін ешкім алмастыра алмайтынын айтып, жаңа отбасыда әке орнын ешкім толтыра алмайтынын жеткізеді. Мұнда қыздардың туған үйіне деген сағынышы, алаңдаушылығы сезіледі.

Бұл өлеңде қалыңдық пен жаңа отбасы арасындағы қарым-қатынасқа баса назар аударылған. Жігіттер қалыңдыққа жаңа ортада өзін сенімді сезініп, құрмет көрсетуді ұсынады. Осы арқылы өлең отбасыдағы әлеуметтік байланыстарды нығайтуға, қарым-қатынасты дұрыс бағытта қалыптастыруға бағытталған [9].

Өлеңде қолданылған көркемдік тәсілдер оның эмоциялық әсерін арттырады. Қайталаулар, символдар мен метафоралар арқылы өлең қалыңдықтың жаңа ортаға бейімделу барысындағы ішкі сезімдері мен ойларын анық жеткізеді. Мысалы, «көктемгі жаңбыр бұлттары» өмірдегі өткінші сәттерді білдірсе, «күннің жарқырауы» жаңа бастаманың жарқын болашағын суреттейді.

«Яр-яр» өлеңі қалыңдықтың жаңа өмірге қадам басуы кезіндегі сезімдерін, әлеуметтік жағдайларды айқын көрсетеді. Өлең құрылымы, символдары мен тақырыбы арқылы татар халқының дәстүрлі отбасылық құндылықтары, ата-ананы құрметтеу және жаңа ортаға бейімделу секілді ұғымдар нақтыланады. Көркемдік тәсілдер арқылы өлең тыңдаушыларға қалыңдықтың эмоциялық күйін жеткізіп, оның жаңа өмірдегі орнын табуға деген ұмтылысын түсіндіреді.

Сонымен қатар, Қазақстанмен шекаралас тұратын татарларының арасында:

Алты құлақты қазанда, Асым қалды, яр-яр.

Төрт текшеклі үйімде, Үлесім қалды, яр-яр [7, 55-б.], –

деген сияқты жар-жар өлеңінің үлгілері кездеседі. Тегінде, бұл қазақ пен татар тәрізді туысқан, бауырлас халықтардың қоңсы қонып, қыз алып, қыз беріп жүрген құдандалығынан ауысқан дәстүр болса керек.

Солай дегенмен де өзбектің «ёр-ёр» мен карақалпақтың «хәужары», татардың «яр-ярі» мен тәжіктің «ёр-ёрі» қазақтың жар-жарынан басқаша орындалады. Қазақта қыздар тобы, жігіттер тобы болып екі жарылып кезектесіп айтысса, жоғарыда аталған халықтарда мұндай айтыс формасы жоқ. Айтса, қызды ұзатқалы келгендердің бәрі қосылып, бір-ақ айтады. Немесе, қыз анасына, анасы қызына қаратып айтуға дағдыланған. Сондықтан да бұл өлеңдер әдеттегі қоштасу, ие мақтау өлеңдері сияқты бас-аяғы бүтін, тұтас бір ойға құрылады. Демек, әр адам өзінің арыздасуын қазақтағыдай бір-бір ауыз өлеңмен қайырмайды, әркім өз ойын бірден айтып шығу формасында жауаптасады.

Сонымен, үйлену салт өлеңінің бұл түрі тек қазаққа ғана емес, өзге түрік тілдес халықтардың біразында да бар екен. Сөйте тұра әрқайсысының өз тұрмысына, өз жора-жосынына лайықты азды-көпті айырым-өзгешеліктерінің болуы да заңды құбылыс.

Қазақ және татардың үйлену жоралғыларының ортақ ерекшеліктері көп болғанымен, олар көркемдік тұрғыдан ерекшеленеді. Екі халықтың жырлары маңызды әлеуметтік және рухани мәндерді жеткізеді, бірақ қазақ поэзиясы көбінесе табиғат бейнелеріне және қоғамдық байланыстарға назар аударса, татар поэзиясы діни аспектілер мен символдарға бағытталған [8].

Бекмурат Уахатов қазақ жырларында юмор элементтерінің көптеп кездесетінін, ал татар жырларында салтанаттылық пен діни мазмұнның басымдығын атап көрсетеді [10].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP22683553 – Бекмурат Уахатовтың фольклортанушылық қызметі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қазақ және татардың үйлену жырларының көркемдік ерекшеліктері әрбір халықтың мәдениетін, дүниетанымын және әлеуметтік нормаларын бейнелейді. Қазақтың үйлену поэзиясы табиғи бейнелер мен әлеуметтік байланыстарға көбірек бағытталған, ал татардың поэзиясы некенің рухани қырларына мән береді.

Бекмурат Уахатовтың зерттеулері қазақ және татар фольклорлық поэзиясының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын терең түсінуге

мүмкіндік береді. Оның еңбектері поэзияның үйлену тойының ажырамас бөлігі ретінде тек эстетикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік және ритуалдық функцияларын көрсетеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Әуезов, М. Әр жылдар ойлары [Мәтін]. – Алматы, 1959. – 229 б.
- 2 Уахатов, Б. Қазақтың халық өлеңдері [Мәтін]. – Алматы, 1974. – 386 б.
- 3 Уахатов, Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы [Мәтін]. – Алматы, 1983. – 158 б.
- 4 Жұмалиев, Қ. Қазақ әдебиеті [Мәтін]. – Алматы, 1969. – 22 б.
- 5 Ярми, Х. Татар халқының поэтик ижаты [Мәтін]. – Қазан, 1967. – 234 б.
- 6 Татары среднего Поволжья и Приуралья. [Текст]. – Москва, 1967. – с. 246
- 7 Радищев, А. Н. Избранные сочинения [Текст]. – Москва, 1952. – с. 63.
- 8 Phalandwa, A. M. The role of indigenous weddings songs in modern times [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.1080/18125980.2013.805968>
- 9 Sherbekova, G. Y. Artistic description of the bride and groom in the wedding songs [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/VFC5K>
- 10 Tashkova, A. T., Zhussipov, N. K. The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3(111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

References

- 1 Auezov, M. Ar zhy`ldar ojлары` [Thoughts of different years] [Text]. – Алматы`, 1959. – 229 p.
- 2 Uahatov, B. KazaKty`n haly`k olenderi [Kazakh folk poems] [Text]. – Алматы`, 1974. – 386 p.
- 3 Uahatov, B. Kazakty`n turmy`s-salt zhy`rlary`ny`n tipologiyasy` [Typology of Kazakh folk songs] [Text]. – Алматы`, 1983. – 158 p.
- 4 Zhumaliev, K. Kazak adebieti [Kazakh literature] [Text]. – Алматы`, 1969. – 22 p.
- 5 Yarmi, X. Tatar halky`ny`n poe`tik izhaty` [Poetic creativity of the Tatar people] [Text]. – Kazan, 1967. – 234 p.
- 6 Tatarы` srednego Povolzh`ya i Priural`ya [Tatars of the Middle Volga region and the Urals] [Text]. – Moscow, 1967. – p. 246
- 7 Radishhev, A. N. Izbranny`e sochineniya [Selected writings] [Text]. – Moskva, 1952. – p. 63

8 **Phalandwa, A. M.** The role of indigenous weddings songs in modern times [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.1080/18125980.2013.805968>

9 **Sherbekova, G. Y.** Artistic description of the bride and groom in the wedding songs [Electronic resource]. – <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/VFC5K>

10 **Tashekova, A. T., Zhussipov, N. K.** The role of Bekmurat Uakhatov in revealing the artistic nature of folk songs [Text] // Bulletin of the Karaganda University. «Philology» series. – No 3 (111). – 2023. – ISSN 2518-198X (Print). ISSN 2663-5127 (Online). – 147 p. – 114–120 p.

17.06.24 ж. баспаға түсті.

31.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Т. Ташекова¹, Н. К. Жүсіпов², Ә. К. Шапауов³

^{1,2}Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

³Казахский национальный

университет искусств,

Республика Казахстан, г. Астана

Поступило в редакцию 17.06.24.

Поступило с исправлениями 31.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

ФОЛЬКЛОРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ И ТАТАРСКИХ СВАДЕБНЫХ ОБРЯДОВ (НА ОСНОВЕ ИССЛЕДОВАНИЙ БЕКМУРАТА УАХАТОВА)

Данная статья направлена на изучение художественных особенностей поэзии, посвященной свадебным церемониям в казахском и татарском фольклоре. На основе работ Бекмурата Уахатова анализируются эстетические, символические и поэтические аспекты свадебных псалмов казахского и татарского народов. В ходе исследования выявляются общие элементы и особенности поэзии двух народов. В то время как в казахской поэзии основное внимание уделяется важности природных образов и социальных связей, а также использованию юмористических элементов, в татарской поэзии преобладают религиозные образы, исламские ценности и значение духовных ритуалов. Как отметил Бекмурат Уахатов, эти псалмы не только сопровождают традиции, но и служат хранителями культурных и духовных ценностей народа. Также дается описание стихов, которые звучат на свадьбах татарских народов, проживающих в казахской стране.

Помимо их художественных особенностей, в статье раскрывается их значение. В статье приводятся примеры казахской и татарской поэзии, а их художественные особенности изучаются путем сравнительного анализа. Также был проведен обзор схожих стихотворений казахских и тюркоязычных народов.

Ключевые слова: казахский фольклор, татарский фольклор, свадебные обряды, художественные особенности, традиции, Бекмурат Уахатов, жсар-жсар, яр-яр.

*A. T. Tashekova¹, N. K. Zhussupov², A. K. Shapauov³

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Kazakh National University of Arts,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 17.06.24.

Received in revised form 31.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

FOLKLORE FEATURES OF KAZAKH AND TATAR WEDDING CEREMONIES (BASED ON RESEARCH BY BEKMURAT UAKHATOV)

Annotation. This article is aimed at studying the artistic features of poetry dedicated to wedding ceremonies in Kazakh and Tatar folklore. Based on the works of Bekmurat Uakhatov, the aesthetic, symbolic and poetic aspects of wedding songs of the Kazakh and Tatar peoples are analyzed. In the course of the study, common elements and originality in the poetry of the two peoples are revealed. In Kazakh poetry, the importance of natural images and social connections, as well as the use of elements of humor, is the main focus, while in Tatar poetry, religious images, Islamic values and the essence of spiritual rituals are priority. As Bekmurat Uakhatov noted, these songs not only accompany traditions, but also serve as keepers of cultural and spiritual values of the people. There is also a description of the poems that will be sung at the wedding of the Tatar peoples living in the Kazakh country. In addition to their artistic features, the article also disclosed their meaning. The article presents examples of Kazakh and Tatar poetry, their artistic features are studied through comparative analysis. In addition, a review of similar poems between the Kazakh and Turkic peoples was conducted.

Keywords: Kazakh folklore, Tatar folklore, wedding ceremonies, artistic features, traditions, Bekmurat Uakhatov, Zhar-Zhar, Yar-Yar.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz